

Қазақ елі

Бейбіт елміз, бақытты елміз Тәуелсіздік алғалы,

Өз заңымыз өзімізде Егеменді ел болғалы.

Нұрлы жолмен алға аттап келеді,

Мәңгілік ел, Қазақ елі деген атақ қонғалы.

Конституция қабылданған отызыншы тамызда,

Елбасымыз қолын қойды Қазақстан заңына.

Тойшыл халық қазақ елі біз үшін,

Төл мереке атанды бұл күн тағыда.

Қазақ елім ата жолын жалғады,

Алауыздық, ашкөздікке бармады.

«Мәңгілік ел» аталатын бабамның,

Орындалды ғасыр бойғы арманы.

Азиада, Саммит жайлап өтуде,

Абыроймен өткіздік біз барлығын.

Қазақ елім ЭКСПО-ны күтуде,

Орындауда қазақ елім Елбасымның жарлығын.